

Каменка елді мекені

Жайық өзені аймағындағы Каменка елді мекені (Тасқала ауылының ескі атауы) XVIII ғасырдың әйгілі натуралисі П.С.Палластың 1768-1773 жылдар арасында «Петербургтен Байкалға дейін табиғатты жанжақты зерттеу экспедициясы» жөніндегі еңбегінде аталған.

Тасқала ауданы 1933 жылы 8 қарашада құрылып, 1996 жылға дейін Камен ауданы аталып келді. Аудан Батыс Қазақстан облысының солтүстік-батыс бөлігінде, Қазақстан мен Орталық Азияны Ресейдің Еуропалық бөлігімен қосатын темір жолы бойында, сонымен қатар Орал-Саратов автокөлік жолының бойында орналасқан, Ресей Федерациясының Саратов облысымен, Батыс Қазақстан облысының Зеленов, Ақжайық және Казталов аудандарымен шектеседі.